

АЛДАНҒАН ТҮЛКІ

Бір күні түлкі төрт түліктің бірін алдап, қолға қайсысын түсірсем екен деп аңдып жүреді.

Ол әрі – бері жортып жүрсе, алыстан өрісте қой бастап жүрген ешкіні көреді. Бұл ешкі пысық, сақ көрінеді. Мен жақындап барып, алдап соғайын деп өріске келеді.

- Уа, ешкіжан, жортудан әбден шаршадым. Бір – біріміздің пайдамызды, жақсылығымызды бір уақыт өзіміз әңгімелеп, шаршағанымызды басайық, көтерейік көңілді. Ешкіжан, сенің де көңілің мәз емес білем. Жеке өзің бір түлікке есептелмей, үнемі қойдың қосағында «қой – ешкі» болып айтылуыңның себебі не? – деп жаны ашыған боп жақындай түседі.

Оны сезген ешкі:

- Мені халқым жақсы бағалай білген. Мүйізімнен шақша, пышыққа сап сияқты өздеріне қажетті заттар жасаған. Қой жүнін менің қылыма араластырып мықты арқан, көген еседі. Жеке түлікке есептелмей қойдың қосағында айтылу себебім: өріс тандаймын, шөптің бәрін жей бермеймін. Өзімнің зеректігімнің арқасында былайша өрісте қой бастаймын, - деп секіріп – секіріп отарына қашып кетеді.

Сөйтіп, түлкі жан – жағына қарап тұрса, тебіндегі бір жылқыны көреді.

- Уа, жылқыжан, жортудан әбден шаршадым. Бір – біріміздің пайдамызды, жақсылығымызды өзді - өзіміз әңгімелеп, шаршағанымызды басайық, көтерейік көңілді. Сенің де көңілің мәз емес білем. Бұрынғы батырлардың қай – қайсысын алсаң да, ішінде жаяуы жоқ және олардың аттары құр көлік емес, батырдың жан серігі, қиын кезеңде тіпті тілдесетін кеңесшісі болған. Сендердің сол бағаларыңды халқыңыз қалайша түсірген! Сенің бұл жайбарақат тұрысың қалай? – деп мүсіркеген боп жақындай түседі.

Түлкінің ойын сезген жылқы:

- Біздің қадіріміз бұрынғысынан артпаса кеміген жоқ.

- Қымызымыз, майымыз ем, аққан терімізді қарақұрт шаққан адам ішсе ем болады. Жаугершілік заманда ұлан байтақ жерімізді иемденуіне себеп болған бірінші қазақтың өзі болса, екінші осы біз. Сондықтан бізді «Ер қанаты – ат» деп есептеген, - деп тебініп, кісінеп жібергенде бір үйір жылқы шауып келеді.

Үйір жылқыны көрген түлкі алды-артына қарамай жорта жөнеледі.

Ол енді өрісте жайылып жүрген түйеге жолығады.

- Уа, түйежан, жортудан әбден шаршадым. Бір-біріміздің пайдамызды, жақсылығымызды бір уақыт өзіміз әңгімелеп, көтерейік көңілді. Сенің де көңілің мәз емес білем. Екі танауыңның мұрын шеміршегін тесіп, заялап мұрындық өткізіп қояды. Бұдан артық қорлық бар ма? – деп жаны ашыған боп жақындай түседі.

Сонда түйе:

- Халқымыз бізді «киелі» деп есептеген. Көнбістігімізге ырза болған. Мұрындық өткізіп, бұйда байласа, жүрісімізді басқарып, олай-бұлай бұрып отыру үшін жасаған, - дейді.

«Көнбіс» деген сөзді естіген түлкі мен «не істесем де көнеді екен» деп алдап қолға түсірмекші болады.

- Түйекем, біраз дем алайық, сен де шаршаған шығарсың? – деп ұйықтаған болып отырады.

Түйе ұйықтаған соң: «осыларға неге жүк артады, өркешіне мен де отырып көрейін», - деп түйеге мініп, қалғып-шұлғып отырып ұйқыға кетеді.

Байсалды түйенің орнынан тұрғанын да сезбеген түлкі ауыл иттерінің үрген даусынан бір-ақ оянады.

Қашып үлгері алмаған түлкіні иттер талап тастайды.

Манғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
№ 10 орта мектеп, бастауыш сынып мұғалімі
Озганбаева Марияш Бегалиевна